

XFTAP 14.27.05

К.К. Келдебеков¹, Б.А. Абылқасымова², А.Слэмғажы³, Ж.М. Бекбауова⁴

¹⁴*Орталық ұлттар университеті, Бейжің, Қытай*

²*Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері
университеті, Алматы, Қазақстан*

³*Қытай коммуникация университеті, Бейжің, Қытай*

*(E-mail: kanat_keldebekov@mail.ru, baqabylqasym@gmail.com, slamgazhya@gmail.com,
star0508@mail.ru)*

XXI ғасырдағы моральдық білім түсінігі және оның мемлекет дамуындағы алатын орны

Аннотация. Жастарға моральдық білім беру және нығайту бүкіл әлем бойынша жүргізіліп жатқан білім беру реформаларының жалпы сипатына айналды. Бүгінгі күні жастарға берілетін моральдық білім беру сипаты әлемдік деңгейде елеулі өзгерістерге ұшырап жатыр. Сол себепті мақалада жалпы моральдық білім ұғымына және оның шығу тегіне тереңірек үңіліп, анықтама беріліп, шетелдегі жастарды моральдық тұрғыдан тәрбиелеудің қазіргі заманғы үрдістері зерделенген. Сонымен қатар, оның болашақтағы даму үрдістері мен моральдық білімді жақсарту тұрғысына да сараптама жасалды. Моральдық білім беруді әр ғалым түрлі бағытта зерттеп, қоғамтану, психология, педагогикалық білім беру және дінтану ғылымдарымен байланыстыра зерттеп, мақалалар жазылып, еңбектер жарық көрген. Аталмыш үлгілердің пайдалы тәжірибесінен сабақ ала отырып, біздің жасөспірімдеріміздің моральдық тәрбиесіне неғұрлым ұтымды және қазақы менталитетке сай тұстарын ұсыну мақаланың басты мақсаты болып табылады. Аталған тақырып Қазақстанда аз қарастырылған, сол себепті де тақырып өте маңызды әрі күрделі.

Түйін сөздер: моральдық білім, идеология, қоғамдық тәртіп, толық адам.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2020-131-2-50-56>

Түсті: 10.02.20 / **Жарияланымға рұқсат етілді:** 11.03.20

Кіріспе. XXI ғасырдағы ғылым мен техниканың дамуына байланысты, қоғамдық формациялардың ауысуы, әлемдік қалыптасқан адамгершілік-мәдени тенденцияның өзгеруіне қарай адамзат әлемі жаңаша ойлау формаларын қалыптастыруды талап етті. Осыған орай Батыс және Америка елдерінде қоғамды реттеудің, басқарудың және жүйелілікті сақтаудың алғышарттары пайда болды. Қоғамдағы тыныштық пен тұрақтылықты сақтау үшін және адамдар арасындағы қатынасты реттеу мақсатында моральдық білім беру ұғымы қолданысқа енгізілді. Мемлекет тарапынан моральдық білімді әртүрлі механизмдермен жүзеге асыру үшін мамандар талмай ізденіп, қыруар қаржы құйып, іске асыру жолдарын жетілдіруде.

Моральдық білім ұғымын қарапайым қалыпта түсіндіруге тырысатын болсақ ол, қай қоғамда болмасын белгілі бір деңгейде идеологиялық қызмет атқарады. Бірақ бұл идеология ұғым-түсінігінің қоғамдағы жұмсарған моделі. «Идеология» терминінен көптеген қоғам өкілдері үрке қарағандықтан, қазіргі уақытта моральдық білім термині жиі қолданылуда. Себебі идеология атауы XX ғасырдағы ең басты қауіп «нацизм» ұғымымен қатар қолданылғандықтан, қоғамда теріс түсінік қалыптасқан. Сондықтан да қазіргі қоғамның «идеология» терминінен «қашуы» заңды құбылыс саналады. Ал қазіргі таңда осы жаттанды, «қабылдауға ауыр» ұғымды қолданыстан шығара отырып, оның орнын «моральдық білім» түсінігімен ауыстыру өте орынды деп есептейміз.

Қазіргі уақытта әлемнің дамыған мемлекеттерінде қолданылатын моральдық білім

мемлекеттік деңгейде насихатталып, қоғамда тыныштық пен сыйластықты арттырумен қатар, мемлекеттік басқару жүйелеріне халықты тиімді басқару мәселелерінде орасан зор пайдасын да тигізіп отыр. «Моральдық білім» ұғымы адамгершілік принциптерге сүйеніп, қоғамда тыныштық, жарасымдылық, ұлтаралық бірлікті қамтамасыз ете отырып, адамзатқа ортақ мәдени қабаттарды құрайды. Бұл ұғымның эффективті қолданылуын АҚШ, Англия, БАӘ, Жапония сондай-ақ, Батыс Еуропа мемлекеттерінің қоғамдық бірлік пен тыныштықтың үлгісі болғандығынан анық білеміз. Өзге түгіл өзіміз үрке қарайтын «идеология» терминін «моральдық білім» ұғымымен алмастырсақ, ол қазақ халқының мәдени-рухани құндылықтарының жандануына септігін тигізбек. Осы ұғымның атқарар қызметі Қазақстан, сонымен қатар, әлем елдерінің тыныштығы мен бейбіт өмір кешуіне тигізер үлесі зор. «Моральдық білім» ұғымын мемлекетімізде қолданысқа енгізу бүгінгі қоғам тарапынан талап етіліп отырған проблеманың ішіндегі ең өзектісі.

Тарихнама. 1970 жылдардан бастап ғалымдар арасында моральдық білім жөнінде пікірлер мен талқылаулар туындаған. Әсіресе, осы тақырып Еуропа мен Америка ғалымдарын қатты қызықтырған. Моральдық білім туралы түсінікті кеңейтіп, алғашқы ойлар айтып, «моральдық білім» дегеніміз не деген сұраққа жауап іздеген. Әлеуметтік, қоғамдық және дін саласындағы ғалымдардың негізгі зерттеу объектісіне айналған. Соның нәтижесінде алғашқы мақалалар жазылып, еңбектер жарық көре бастады. Моральдық білім беруді әр ғалым түрлі бағытта зерттеп, қоғамтану, психология, педагогикалық білім беру және дінтану ғылымдарымен байланыстыра зерттеген [1, 15 б.].

Сондай ғалымдардың бірі, Jan Steutel – Амстердам университетінде моральдық білімнің философиясын 10 жыл бойы зерттеп, үлкен үш бағытқа бөледі: ізгілік этикасы, азаматтық тәрбие және жыныстық тәрбие. Jan Steutelдің 1984 жылы «*Moral Education*» атты еңбегі жазылып шықты. Ол өз пікірінде моральдық білімді білім берудің аналитикалық философиясы ретінде ұсынады [2, 8 б.]. Бұл кітапта адамгершілік тәрбиеге қатысты нормативтік-этикалық мәселелер де маңызға ие болады. 30 жылғы еңбегін осы салаға арнаған ғалым моральдық білім түсінігінің тұжырымдамалық теориясы мен әдіснамасы бойынша зерттеулер жазған.

Piaget 1947 жылы ЮНЕСКО-да оқыған лекциясында жеке тұлғаның өмір жайлы пайымдаулары, моральды білімі, құндылығы жас шамасына қарай тереңдейді, ал, тұлғалық дамуы қоршаған ортаның мәдениетінің ерекшелігіне байланысты болады деп пайымдаған [3, 14 б.].

Marinus H, Van Ijendoorn, Marian J және Bakermans-Kranenburg бір топ ғалымдар моральдық білімді тереңнен зерттеп, ситуациялық мораль және альтруизм мен қайырымдылық туралы еңбектер жазған [4, 87–106 б.]. Бала мен ата-ана арасындағы байланыс арқылы индивидті кезең-кезең арқылы тәрбиелеу нәтижесінде қоғамда «дұрыс адам» қалыптастыруды моральдық біліммен байланыстырған. Мінез-құлық пен нейробиологиялық байланыстардың ара жігін ажыратып, «мінез» категориясын моральдық біліммен ұштастыру мәселесін қарастырған.

Қоғамдағы моральдық жетілген тұлғаны қалай дамытамыз деген сұраққа кейбір ғалымдар қалыптасқан дағдылар мен методтар арқылы тәриелеу деген пікір айтады. Әлеуметтік мінез-құлықты қалыптастыруда балалардың білім алатын ортасына мониторинг жүргізу қажет. Бұл аристотельдік «дағдылану» концепциясына жақын, себебі сол арқылы әртүрлі тәсілдермен баланың мінезіндегі күшейтетін және жазалайтын ынталандырғыштар арқылы бақылап отыру [5, 1–20 б.].

De Waal-дың 1996 жылы таңғажайып экспериментінде адамдарды үш топқа: тыныш, шыдамды және агрессияның жоғары деңгейінде жүретіндер деп бөледі [1, 38 б.].

Darcia Narvaez өз еңбегінде нейробиология, адамгершілік тәрбие және адамдардың өзін – өзі бағалауы арқылы моральдық психологияны жетілдірудің жолдары деп қарастырады. Darcia Narvaezдің 2008 және 2009 жылдары зерттеулерін осы тақырыпқа арнайды [6, 310–

327 б.].

Моральдық білім тақырыбы шығыс ғалымдарының да назарынан тыс қалған жоқ. Мәселен, моральдық білім туралы зерттеуді және қолданысқа енгізуді жапондықтар ертеректе қолға алған, нәтижесін қазіргі Жапония азаматтарының бойынан байқауға болады [7, 5 б.]. Себебі Жапонияда 1880 жылдардан бері моральдық білім балабақша, орта және жоғары оқу орындарында міндетті пән ретінде енгізілген. Kristoffer Hornburg Bolton «Moral Education in Japan» атты еңбегінде Жапониядағы моральдық білімнің тарихынан бастап, бүгінгі күнге дейінгі дамуын зерттеген [8, 8 б.]. Аталған кітапта ғалым моральдық білімі бар адам қоғамдағы «толық адам» бейнесін қалыптастырады деген ой айтады.

Талқылау. Көптеген елдер жастарға моральдық білім берудің маңыздылығын, практикалық мәнін мойындап, моральдық тәрбие беруге деген көзқарастары мен стратегияларын өзгертіп, жаһандық моральдық тәрбиенің ландшафтын қалыптастыруға күш салуда.

Білім беру адамзат қоғамының дамуындағы ең үлкен мәселе болып табылады. Дамыған елдердің өздерінің экономикалық күші арқылы озық білімге қол жеткізеді, ал дамушы елдер өздерінің білім беру институттарының белсенділігі нашар болғандықтан артта қалған. Кант әлемде адамзаттың екі маңызды міндеті бар дейді. Олардың бірі - білім, екіншісі - үкімет. (Кант, 1372). Оның айтуынша, іс жүзінде үкіметтің басты мақсаты - бұл халыққа білім беру. Кез-келген мемлекет адамдардың белгілі бір бағытта дамуын немесе дамымауын, яғни үкімет белгілеген бір істі жасағандарын немесе жасамауларын қалайды, сондықтан білім беру бүкіл әлемдегі ең басты міндет болып табылады [9, 244 б.].

Қоғамдық ұжым - күрделі әлеуметтік организм; оған жақсы қызмет ету үшін адам өз бойына жақсы қасиеттерді сіңіруі қажет. 1935 жылы «Өмірге жол» атты мақаласында А. С. Макаренко ұжымдық өмірді қалай құру керектігін талдап көрсетеді: «Коммунистік қоғам мен батыс қоғамының моральдық білім беру құндылығы бір-біріне қарама-қайшы. Коммунистік қоғамда адамды ұжымдық өмір сүруге бейімдейді, ал, батыс қоғамында адамның жеке тұлға ретінде дамуына мүмкіндік береді. Кеңес Одағында ешбір адам ұжымнан тыс өмір сүре алмайды, сондықтан тұтас ұжымның мүддесі сол ұжымда өмір сүретін адамның мүддесіне парапар... » [10, 703 б.].

Көптеген елдерде моральдық білім ресми және бейресми оқыту түрінде жүргізіледі. Саясат, адамгершілік, Америка конституциясы, Коммунистік партия тарихы, әлеуметтік зерттеулер сияқты әртүрлі атаулармен аталған пәндер бар, онда идеология зерттеліп, бекітілген мінез-құлық формалары оқытылады. Әдетте бейресми және маңызды қолдауды басқа пәндердің оқытушылары көрсетеді, мысалы, ағылшын, орыс немесе қытай әдебиетін оқытуда – сынып оқушыларының әділеттілік сезімін, еріктілікке тәрбиелейтін мазмұндарды таңдай алады.

КСРО мен Қытайда ресми түрдегі моральдық тәрбиенің айтарлықтай үлгілері бар. Ресми және бейресми оқыту Англия мен АҚШ-қа қарағанда анағұрлым қарқынды және айқын көрінеді, оқыту әдістері әртүрлі болады. Оқыту техникаларының негізгі үш түрі бар: үйрету, үлгі және тәжірибе арқылы. Қытайдағы моральдық білім өзінің даму эволюциясында айқын көрініс беретін идеологияны құрастырып шығарды. Ол ең әуелі саясатты моральді біліммен теңестіру, оларды бір тілде жазу, одан соң дұрыс моральді және саяси қарым-қатынасты білім беру жолы арқылы дәріптеу дәстүрімен жүзеге асты [11, 449 б.].

Моральдық білім түсінігі түрлі аспект бойынша әрқилы қабылданса да, оның негізгі мақсаты жастарды өз елінің әлеуметтік-саяси және экономикалық жүйесі үшін қажетті заңдар мен нормативтік актілерге сәйкес мінез-құлық тұжырымдамасы мен тәсілдерін меңгеруге үйрету. Сондай-ақ, азаматтардың өз құқықтары мен міндеттерін біліп, елге адал және елдің мәдениетіне бейімделген «білікті азамат» және қоғамға пайдалы «жақсы азамат» тәрбиелеу. Larry Nucci моральды білім және мінез анықтама кітабында моральды білімді ішкі және сыртқы деп екіге бөліп қарастырған. Сыртқы мораль өзге адамдармен,

қоршаған ортамен тату өмір сүруге септігін тигізсе, ішкі мораль өз құндылықтарына сай ішкі жандүниеңмен үйлесімде өмір сүруді қамтамасыз етеді. Қорыта айтқанда, моральді білім қоршаған ортаны бақылауда ұстаумен қатар жеке тұлғаның дамуының да негізі болып табылады [12, 11 б.].

Көптеген Батыс елдерінде азаматтық білім беру (сондай-ақ, саяси әлеуметтендіру ретінде белгілі) оқушылардың бойында моральдық білімді, тәрбиені қалыптастыруда мектептер үшін маңызды құрал болып табылады. АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Германия, Швейцария, Дания, Жапония және басқа да елдерде азаматтық білім беру курстары жүргізіледі [13, 108 б.]

Батыстық тұжырымдағы азаматты (citizen) қалыптастыру шарасы капиталистік жүйеге сай келетін «демократиялық көзқарастағы азаматтарды» дамытуы мүмкін бе? «Демократиялық жүйеде өз еркімен жүретін, тобыр соңынан ермей, саналы түрде дауыс бере алатын саналы азаматтарды демеп, оларды үлгі етіп көрсету керек пе», әсіресе, оның білім деңгейін бағалауда негізгі критерий ретінде ұлттық рух пен сана қабылданған жағдайда? Осы сауалдарға бүгінгі таңда моральдық білім мен оның әсерін зерттеушілер жауап іздеуде [14, 172 б.]

Америкалықтар жасөспірімдерді тәрбиелеуде демократиялық, жаңашыл және «америкалық болу басқа елдің азаматы болудан әлдеқайда жақсы» деп үндейтін әдісті қолдануының соңы батыл, сонымен қатар агрессивті «әлем азаматын» қалыптастырды [13, 108 б.]

Оңтүстік Кореяда білім беру саласының негізгі концепциясы ретінде моральды білім беруді алдыңғы орынға қояды. Ол ұлттың тәуелсіздігін нығайту үшін, қоғамның әлеуетін көтеруде, еңбексүйгіштік пен патриотизмге тәрбиелеудегі алғашқы қадам деп санайды. Ұлттың рухын қалыптастыру, ұлттық дәстүрді жандандыру және демократиялық ойға назар аударуды корей ғалымдары «ұлттық білім» деп атаған екен.

Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейін Оңтүстік Кореяда жеке тұлғаны тәрбиелеуге басты назар аударылып, білім беру саласында ірі масштабта реформалар жүргізген. Соған сәйкес «жаңа корейліктер»:

1. Салауатты адам – тәні сау әрі күшті, ерікті, жігерлі, қайырымды және эмоцияға бай адам.

2. Өзіне ғана арқа сүйейтін адам – өз қалауымен шешім қабылдай алады, жаңашылдыққа деген агрессивті ұмтылыс, ұлттық танымы жоғары.

3. Бойында ғылымға деген қызығушылығы жоғары, проблеманы рационалды түрде шеше алатын азамат.

4. Моральды білімі жоғары адам – құндылықтарға бай, азаматтық құқығы мен міндетінен хабардар, өзгелердің жан дүниесіне алаңдаушылық танытушы адам [15, 44 б.]

Германия әрқашан жастардың неміс демократиясының рухында тәрбиеленуіне өте қатты мән берген. Ол өз кезегінде отанға деген махаббаттың, демократиялық өзін бағалаудың, еңбекке деген махаббаттың, үлкен жұмыстарды сезінуге, сенімге, жұмыс барысында талапшылдыққа, ештеңеге қарамастан оптимизмді жоғалтпау, қиын-қыстау кездерде еш кідірместен өз мақсатына ұмтылуына әсер етеді. Моральдық білімге қаншалықты көңіл бөлінсе, ол елдің рухы соншалықты биік, моральдық білім соншалықты қоғамның дамуына тиімді әсер ететінін көптеген елдердің мысалынан байқауға болады [15, 42 б.].

1993 жылы Бейжіңде өткен «XXI ғасырға арналған білім» атты халықаралық симпозиумда моральдық білім, құндылықтар мен этиканы XXI ғасырдағы адамзат алдында тұрған ең басты проблема деп атаған. Сондай-ақ, бүгінгі таңдағы қажетті қабілеттер қатарына қайсарлық, ортаға тез бейімделушілік, психологиялық төзімділік деп атаған екен. Сондықтан азаматтық сананың негізін қалаушы моральды білім беру бүгінгі күні ғаламдық деңгейде жастарды тәрбиелеуде негізгі мақсатқа айналды [16, 7 б.].

Қорытынды. Негізінен моральдық білім туралы батыс-шығыс ғалымдарының зерттеу нәтижесіндегі ортақ ойды қорытындылайтын болсақ, моральдық білім жоқ болса қоғамда азғындық көбейеді яғни зорлық көрсету, мүгедек жандарды кемсіту, балаларға жәбір көрсету т.б. Ал егерде моральдық білім насихатталса, керісінше, қоғамдағы адамдар арасындағы қарым – қатынас жақсарып, адамдар әділетті қоғам құруға ұмтылады.

Жоғарыда аталған, түрлі елдерде қолданысқа енгізілген «моральдық білім» термині қазақ қоғамына жаңа болғанымен, оның ішкі мәні таңсық емес. Себебі, Әл-Фараби, Абай, Шәкәрім, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы еңбектерінің алтын өзегі – Кемел Тұлға.

Әдебиеттер тізімі

1. Ruyter D.D., Miedema S. Moral education and development. A lifetime commitment [Electronic resource]. – 2011. – URL: <https://www.springer.com/gp/book/9789460917165> (қаралған күні: 05.02.2020)
2. Doris J. M. and the Moral Psychology Research Group. The moral psychology handbook. - New York: Oxford University press, 2010. – 216 p.
3. Peters R. S. Moral Development and Moral Education. - Routledge, 2015. - 114 p.
4. Koenig A.L., Cicchetti D., Rogosch F.A. Moral development: The association between maltreatment and young children's prosocial behaviors and moral transgressions // Social Development. - 2004. - Vol. 13, № 1. p. 97-106.
5. Ijzendoorn van, Bakermans-Kranenburg M. H., Pannebakker M. J., F., & Out, D. In defence of situational morality: Genetic, dispositional and situational determinants of children's donating to charity // Journal of Moral Education. - 2010. - Vol. 39, № 1. p. 1-20.
6. Narvaez D. Human flourishing and moral development: Cognitive science and neurobiological perspectives on virtue development. // Handbook of moral and character education. - 2008. - p. 310-327.
7. Hood Christopher P. Japanese Education Reform: Nakasone's Legacy. - Routledge, 2001. - 222 p.
8. Bolton K.H. Moral Education in Japan The Coming of a New Dawn, Abe's New Moral Education. - Representational, Universitet i Oslo, - 2015. - 106 p.
9. Zahra J.A., Fakhteh M., Ali R.Y. Moral education as learner's need in 21 century: Kant ideas on education // Procedia - Social and Behavioral Sciences - 2012. - №47, p. 244 – 249.
10. William F. Connell. Moral Education: Aims and Methods in China, the USSR // The Phi Delta Kappan. - 1975. - Vol. 56, № 10, p. 702-706.
11. Ping L., Minghua Z., Bin, L., Hongjuan Z. Deyu as moral education in modern China: Ideological functions and transformations // Journal of Moral Education. - 2004. - Vol. 33, №4, p. 449-464.
12. Nucci L.R., Eers D.W.O. Social cognitive domain theory and moral education. In Handbook of moral and character education. - Routledge, 2014. - 11 p.
13. Jun-ke C. The Features and Enlightenment of American Moral Education // Studies In Dialectics of Nature. - 2005. - Vol. 1. PP. 108-111.
14. 钟启泉, 黄志成. 西方德育原理. M.: 陕西人民教育出版社 -1998.-219 p.
15. Jing_gui C. U. I. The Tendency and Revelation of Callans' Moral Education in Foreign Countries // Studies In Foreign Education. - 2002. - Vol. 3, p. 42-46.
16. 劳逊. 世界德育演进视野里的中国学校德育 // 当代青年研究. -1996.-№ 5, p.7.

К.К. Келдебеков¹, Б.А. Абылкасымова², А.Сламгажы³, Ж.М. Бекбауова⁴

^{1,4}*Центральный университет национальностей, Пекин, Китай*

²*Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, Алматы, Казахстан*

³*Китайский коммуникационный университет, Пекин, Китай*

Концепция морального образования в XXI веке и его роль в развитии государства

Аннотация. Обеспечение и укрепление морального образования молодежи стало общей чертой образовательных реформ во всем мире. Сегодня характер морального образования молодежи существенно меняется во многих государствах. Поэтому данная статья дает углубленное понятие морального образования и его истоков, а также исследует современные тенденции данного образования у молодежи за рубежом. Также были проанализированы его тенденции развития и перспективы улучшения. Многие ученые изучали моральное образование в различных областях, связанных с социологией, психологией, педагогическим образованием, религиоведением и т.д. Основная цель данной статьи - представить наиболее рациональные аспекты морального образования для наших подростков, опираясь на полезный опыт многих государств. Данная тема редко рассматривается в Казахстане, тем не менее она очень важна.

Ключевые слова: моральное образование, идеология, общественный порядок, целостный человек.

K.K. Keldebekov¹, B.A. Abylkassymova², A.Slamgazhy³, Zh.M. Bekbauova⁴

^{2,4}*Minzu University of China, Beijing, China*

²*Ablai khan Kazakh University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan*

³*Communication university of China, Beijing, China*

The concept of moral education in the 21st century and its role in the development of the state

Abstract. Today, the character of moral education is changing significantly around the world by providing and strengthening moral education for young people which is a common feature of education reforms worldwide. Since academic debates and researches about this important and complex topic in Kazakhstan are limited, this article explored the concept of moral education, its origins and explores modern trends in moral education for kazakh youth abroad. By analyzing previous studies on moral education in various fields, linked to sociology, psychology, pedagogical education and religious studies, this article suggests the future development trends and the prospects for improving moral education in Kazakhstan. This study sums up the presentation of the most rational and appropriate aspects of the Kazakh mentality to the moral education of adolescents.

Keywords: moral education, ideology, public order, complete person.

References

1. Ruyter D.D., Miedema S. Moral education and development. A lifetime commitment [электр. ресурс]. – 2011. – Available at: <https://www.springer.com/gp/book/9789460917165> (Accessed: 05.01.2020)
2. Doris J. M. and the Moral Psychology Research Group. The moral psychology handbook (Oxford University press, New York, 2010, 216 p.).
3. Peters R. S. Moral Development and Moral Education (Routledge, 2015, 114 p.).
4. Koenig A.L., Cicchetti D., Rogosch F.A. Moral development: The association between maltreatment and young children's prosocial behaviors and moral transgressions, Social Development, 13, 97-106 (2004).
5. Ijzendoorn van, Bakermans-Kranenburg M. H., Pannebakker M. J., F., & Out (2010). In defence of situational morality: Genetic, dispositional and situational determinants of children's donating to charity, Journal of Moral Education, 1 (39), 1-20 (2010).
6. Narvaez D. Human flourishing and moral development: Cognitive science and neurobiological perspectives on

virtue development, Handbook of moral and character education (2008, p. 310-327).

7. Hood Christopher P. Japanese Education Reform: Nakasone's Legacy (Routledge, 2001, 222 p.).

8. Bolton K.H. Moral Education in Japan The Coming of a New Dawn, Abe's New Moral Education (Reposentralen, Universitetet i Oslo, 2015, 106 p.).

9. Zahra J.A., Fakhteh M., Ali R.Y. Moral education as learner's need in 21 century: Kant ideas on education, Procedia, Social and Behavioral Sciences, 47, 244-249 (2012).

10. William F. Connell. Moral Education: Aims and Methods in China, the USSR, The Phi Delta Kappan, 10 (56), 702-706 (1975).

11. Ping L., Minghua Z., Bin, L., Hongjuan Z. Deyu as moral education in modern China: Ideological functions and transformations, Journal of Moral Education, 4 (33), 449-464 (2004).

12. Nucci L.R., Ers D.W.O. Social cognitive domain theory and moral education. In Handbook of moral and character education (Routledge, 2014, 656 p.).

13. Jun-ke C. The Features and Enlightenment of American Moral Education, Studies In Dialectics of Nature, 1, 108-111 (2005).

14. Zhong Qiquan, Huang Zhicheng. Principles of Western Moral Education (Shaanxi People's Education Press, 1998, 2019 p.).

15. Jing_gui, C. U. I. (2002). The Tendency and Revelation of Callans' Moral Education in Foreign Countries, Studies In Foreign Education, 3, 42-46 (2002).

16. Lawson. Moral Education in Chinese Schools from the Perspective of the Evolution of Moral Education in the World, Contemporary Youth Studies, 5, 1-7 (1996).

Авторлар туралы мәлімет:

Келдебеков К.К. - Орталық ұлттар университеті әлеуметтану және фольклор факультетінің 3 курс докторанты, Бейжің, Қытай.

Абылкасымова Б.А. – шығыстану факультетінің оқытушысы, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Мұратбаев көш., 200, Алматы, Қазақстан.

Сләмгажы А. - Қытай коммуникация университеті, Коммуникация ғылымы институтының 4 курс докторанты, Бейжің, Қытай.

Бекбауова Ж.М. - Орталық ұлттар университеті қоғамдық ғылымдар және фольклор факультетінің 3 курс докторанты, Бейжің, Қытай.

Keldebekov K.K. - 3rd year PhD Student, School of Ethnology and Sociology, Minzu University of China, Beijing, China.

Abylkassymova B.A. – Teacher of the Faculty of Oriental Studies, Ablai khan Kazakh University of International Relations and World Languages, Muratvayev str., 200, Almaty, Kazakhstan.

Slamgazhy A. - 4th PhD Student, Institute of Communication Studies, Communication university of China, Beijing, China.

Bekbauova Zh.M. - 3rd year PhD Student, School of Ethnology and Sociology, Minzu University of China, Beijing, China.